



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ



JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№10

(842)

12 наурыз

2021 жыл

АЛАЯҚТЫҚ

АЛДАНҒАН АНА



Біреудің әлсіздігін пайдаланып, ақша тапқысы келетіндер көбейді. Соның бір мысалы – Алматыдағы қайырымдылық ұйымынан көмек күтіп, имандай сенген аналардың алдануы. Олардың арасында көпбалалы да, жалғызбасты да аналар бар.

Оқиға былай болған. Әлдебір еріктілер аналардың ауыр тағдырын видеоға түсіріп, әлеуметтік желіге жариялайды. Бірақ жиналған соманың басым бөлігін қалтасына басып, жоқ болады.

Бес баласымен (оның екеуі мүгедек) қуықтай пәтерде күн кешкен Ақайша КТК арнасына «Ақ сенім» атты қайырымдылық қоры туралы былай деді: «Қайырымдылық қорынан келгендер бізді видеоға түсіріп, әлеуметтік желіге жариялады. Кейін таныстарым «сені көріп, қаржы аудардык» деп хабарласты. Ал қордағылар «бір тыын да түскен жоқ» деп көмек көрсетпеді. Оларды сотқа беремін деп қорқытқаннан кейін, желіден біздің видеоны алып тастады. Дау тумасын деді ме екен, 100 мың теңге берді».

КТК тілшілері әлеуметтік желіде «Ақ сенім» көрсеткен мекенжайға барыпты. Бірақ бизнес орталықта ондай ұйым атымен жоқ болып шықты. Телефон нөмірлері де өшірулі. Ғаламторда мұндай ақша жинайтын ұйымдардан бөлек, мүгедек балалардың суретін жәшікке жапсырып, көше кезетіндер де соңғы кезде елімізде еселеп артыпты.

Зангер Сергей Уткин телеарнаға берген сұхбатында алаяқтардың қақпанына түспеу үшін алдымен ол ұйымды егжей-тегжейлі тексеру керек дейді. Ол: «Мұндай жағдай біраз адамның басында болуы мүмкін. Бірақ он адамның біреуі ғана арыз жазады. Қалғандары тергеуге уақытын кетіргісі келмей, қолын бір сілтейді. Ал, шындығында, қайырымдылық ұйымдары әділет министрлігінде тіркелуі тиіс. Қанша табыс түсті, құрамында қанша адам бар, осы секілді ақпаратты қалаған адамның білуге құқығы бар», — дейді.

Ақайша Бейсенбаева «Ақ сенім» ұйымына басқа аналардың өзі секілді алданып қалғанын қаламайды. Ол учаскелік полицейге арыз жазғанмен, мұндай істі әкімшілік сот қарайды деп қабылдамай қойыпты.


Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

КЕСЕЛ

ЕРКЕК ӘЙЕЛ БОП КИІНГЕНДЕ

«Баяғыда бір енең күйеуін арқалап жүріп жұбатады екен, шырағым. Арқасында жүріп күйеуі «жөндеп арқаламадың» деп қамшысымен ұрып, боқтайтын көрінеді... Бұлар осындай бір Құдай тағаланың ықыласы түскен халық. Бірдеңе десең, күнәһар боласың». Бұл жазушы Тынымбай Нұрмағамбетовтың «Келін» әңгімесінен үзінді. Қысқа диалогта енесі келініне ақылды айтады. Бір ауыз сөздің өзінде қазақ қызының өмірлік философиясына айналған мағына жатыр.

(Жалғасы 3-бетте)



OIL



БИРЖАМЕТР

DOLLAR
420

EURO
501

РУБЛЬ
5,66

ОҚЫРМАН ЛЕБІЗІ

«Оқушы газет оқи бастады» деп сүйінші сұрапты Jas qazaq газеті өзінің қалың оқырман қауымынан. Бұл шынында да өте қуанышты хабар. Біздің замандастарымыз кезінде газет-журнал оқығаннан кем болмап еді. Қайта ана тілінің мәйегіне қанып, тіл байлығы артып, ой-өрісі кеңейгеніне мына біздер куәміз.

КЕЛ, БАЛАЛАР, ГАЗЕТ ОҚИЫҚ!

Қазіргідей техника дамып, әлеуметтік желі өмірімізге енді екен деп ақпарат құралдарынан қашқанымыз қалай? Осыған жауап бере алар ма екен бүгінгі ұрпақ. «Мен жастарға сенемін» деген Мағжан ақынның сенімі қайда қалды? «Не деген бақытты едің, келер ұрпақ» деген марғасқа Қасым ақынның үмітін ақтайтын кім бар екен? Әлде енжарлық, немқұрайдылық, жалқаулық желкемізге мініп алған ба? Қазір осы ой мені қатты аландатады. Олай болса, Индер



СҮЙІНШІ!

ОҚУШЫ ГАЗЕТ ОҚИ БАСТАДЫ

аудандық газетінің бас редакторы Жанай Амантурин бауырымыздың игі бастамасы қай жағынан да қолдауға тұрарлық!

Мәселен, бастауыш сынып оқушылары сабақты «Ұлан» газеті мен «Балдырған» журналын оқудан бастаса, оның несі айып? Қайта бұл керемет үлгілі бастама болмай ма! Бұдан кейін 5 сыныптан бастап «Қазақ әдебиеті», Jas qazaq, «Қазақ үні» секілді басылымдарда жарияланған мақалаларға шолу жасайтын болса, бұл да оқушылардың алар білімін еселей түспей ме? Әсіресе, қазақ әдебиеті пәнінен шығарма жазуға



пайдасы көп болар еді. Оған қоса, әрбір оқушының ой-өрісі дами түседі. Жастайынан өлең немесе прозалық шығармалар жазатын талапкерлердің шығуына ықпал етер еді. Міне, осындайда сабақ барысын мерзімді басылымдарға шолу жасаудан бастаса, жас балалардың газет-журналдарды оқуға қызығушылығы артпай ма?

Ал 9-10-11 сынып оқушылары «Жалын», «Жұлдыз» журналдарында жарық көрген шығармаларды оқыса, бүгінгі жас ұрпақтың газет-журналға қоса, әдеби кітаптарды оқуға деген қызығушылығы арта түсері анық. Сонда ғана біз жеткіншектерді әлеуметтік желіге байланудан сақтар едік. Газет-журнал таралымының көбеюіне септігін тигізетіні өз алдына!

Кішкентайынан әдеби кітаптарды оқып өскен аға буын өкілдері жақсылық жасауға дайын, айналасына қайырымды болатын. Бүгінгі жастардың тым қатыгез болып кетуінің сыры осында жатқан жоқ па? Бұған не дейсіздер, құрметті Jas qazaq газетінің оқырмандары.

Төлеухан БІДІРӘЛІ,
журналист



ИНДЕТ



АУЫРЫП ЕМ ІЗДЕГЕНШЕ, АУЫРМАЙТЫН ЖОЛ ІЗДЕЙКІ!

БИЛІК

Биылғы қаңтар-ақпанда 9,14 млрд текше метр көлемінде газ өндірілді. Тауарлық газды ішкі тұтыну көлемі 4,55 млрд текше метрге жетті. Сұйытылған мұнай газын өндіру көлемі 520 мың тонна, экспортқа шығарылған газ көлемі 1,38 млрд текше метрді құрады. Сөйтіп «көгілдір отын» саласында жоспар 100 пайыздан асыра орындалды. Бұл туралы Үкімет отырысында энергетика министрі Нұрлан Ноғаев хабарлады.

Сонымен қатар ол қаңтар-ақпанда 2 млн тонна мұнай өнімдері өндірілгенін атап өтті. Оның ішінде автокөлік бензинін өндіру 790 мың тоннаға жетті. Өндірілген

дерегінше, 5 наурыздағы жағдай бойынша елімізді 20 тәулік қамтамасыз етуге жеткілікті 218,7 мың тонна бензин, 28 тәулікке жететін 306,2 мың тонна дизель отыны бар.

Сондай-ақ үстіміздегі жылдың алғашқы екі айында 10,75 млн тонна мұнай экспортталды. «Есепті кезеңде мұнай және конденсат өндіру көлемі 13,8 млн тоннаға жетті. Осы жылғы қаңтар-ақпан айларының жоспары 101,1 пайыз орындалды. Оның ішінде, мұнай-газ саласындағы ірі компаниялар бойынша көрсеткіштер төмендегідей: Теңіз жобасында аталған кезеңде 4,3 млн тонна мұнай өндірілді. Бұл есепті айдың жоспарына — 104,5 пайыз. Солтүстік Каспий жобасы — Қашағанда мұнай өндіру көлемі 2,4 млн тоннаны құрады. Осылайша қаңтар-ақпан айларының жоспары 103,4 пайызға орындалып отыр. Қарашығанақ жобасының көрсеткіші 2,1

бағасынан 13-14%-ға (21-22 теңге/литр) төмен. «Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге мұнай өңдеу зауыттарынан дизельді тиеп-жөнелтуге басымдық беріледі. Тиеп-жөнелту тәулік сайын бақыланады және қадағаланады. Айта кету керек, министрлікте ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін дизель отынына арзандатылған бағаларды заңнамалық бекіту құзыреті жок. Бірақ ауыл шаруашылығы мұқтаждықтарына дизель отынының құны жанар-жағармай нарығына қатысушылармен келісу жолымен айқындалады және ресурс ұстаушылардың өздері ерікті түрде белгілейді», — деп түсіндірді вице-министр. Биылғы 9 наурыздағы жағдай бойынша 11,3 мың тонна дизель тиеп-жөнелтілген.

Сондай-ақ Әсет Мағауов ішкі нарықта жанар-жағармай бағасының қалай қалыптасатынын түсіндірді. Оның

ЖАНАРМАЙ НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ ТҰРАҚТЫ



дизель отынының көлемі — 680 мың тонна. 70 мың тонна әуе отыны өндірілді. Бірақ бұл саладағы жоспардың орындалуы 100 пайызға жетіңкіремейді. «Есепті кезеңде мұнай өнімдерін өндіру көлемінің жоспардан төмен болуы осы жылдың қаңтар айында Атырау мұнай өңдеу зауытында электр энергиясын жеткізуде ақау пайда болғаннан орын алған болатын. Бұл каталикалық крекинг және реформинг қондырғыларының істен шығуына алып келді. Қазіргі таңда аталған зауытта жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл ретте мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін өндіру көлемінің төмендегеніне қарамастан, ішкі нарықтағы мұнай өнімдерінің қоры жеткілікті», — деді Нұрлан Ноғаев. Оның

млн тоннаны құрап, жоспар 100 пайыз орындалды», — деді министр. Оның айтуынша, биыл 86 млн тонна «қара алтын» өндіру жоспарланған. Соңғы келіссөздерге сәйкес, ОПЕК+ аясында Қазақстанның міндеттемесі мұнай өндіру көлемін шектеуін 17-ден 15 пайызға дейін түзетілі.

Ал Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында энергетика вице-министрі Әсет Мағауов көктемгі дала жұмыстарына дизель отынын жеткізу жайына тоқталды. «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» ҚР Заңына сәйкес, энергетика және ауыл шаруашылығы министрліктері «Көктемгі егін жұмыстарын жүргізуге дизель отынын жеткізу бойынша облыстарды мұнай өңдейтін зауыттарға және ресурс ұстаушыларға бекіту кестесін» әзірледі. Кесте аясында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге Павлодар мұнай-химия зауыты мен «ПетроҚазақстан ойл продактс» ЖШС-дан тоннасына 174 мың теңгеден, Атырау мұнай өңдеу зауытынан тоннасына 172 мың теңгеден жеңілдетілген дизель бөлінеді. Кесте бойынша 380 мың тонна дизель қарастырылған», — деді Әсет Мағауов.

Жеткізу және өзге де шығындарды ескергенде, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге дизель бағасы жанармай құю стансаларындағы бөлшек сауда

айтуынша, баға сұраныс пен ұсыныс негізінде қалыптасады, яғни нарық арқылы реттеледі. Баға белгілеу кезіндегі негізгі факторлар — елдегі мұнай бағасы, процессинг (мұнай өңдеу қызметі), салық және акциздер, зертхана сынақтары мен қоспалар шығыны, банк несиесіне қызмет көрсету, цистерналарды беру-жинау, тауарды тасымалдау және басқа да ілеспе шығындар әсерін тигізеді.

Тұтынушылар үшін түпкілікті баға мұнай өнімінің көтерме құны, автожанармай құю стансасына дейінгі барлық көлік шығындары, мұнай базаларында сақтау, бөлшек саудада өткізуші шығыстары және акциздер мен салықтар негізінде қалыптасады. «Қазіргі уақытта Қазақстанда Аи-92 жанармайының бір литрі 160 теңге болып тұр. Салыстырмалы түрде айтсақ, Қырғыз Республикасында баға — 185 теңге (16% жоғары), Өзбекстанда — 261 теңге (63% жоғары), Ресейде — 255 теңге (59%). Мұнай өнімдерінің нарығы жоғары құбылмалы болады және жанар-жағармай бағасының қалыптасуына әсер ететін бірқатар факторлар бар: РФ және ҚР ішкі нарығында жанар-жағармайға баға белгілеу және қамтамасыз ету, көрші елдермен шекаралас облыстарда жанар-жағармайға баға белгілеу. Аталған жағдайларды ескере отырып, баға өзгеріп тұрады», — дейді вице-министр.

Талан ТІЛЕГЕН

Әлеумет.т⁰



БЛОГЕР САЛЫҚ ТӨЛЕЙ МЕ?

Терістік көршіміздегі блогер қауымы бұдан былай салық төлейді. Ресей шифрлық даму, байланыс және бұқаралық коммуникациялар министрлігі осыған қатысты құжат дайындап жатыр. Бұл жоспар жүзеге асу үшін шетелдік платформалар әлеуметтік желіні табыс көзіне айналдырғандарға қатысты қаржылық ақпаратты беруі тиіс.

Ал орыс блогері аз таппайды. «Ведомости» сайтының BloggerBase зерттеу компаниясына сілтеме жасай отырып жариялаған мәліметте өткен жылы тек видеоблогерлердің өзі шамамен 18 млрд рубль (біздің ақшамен 100 млрд теңге) тапқан. Ал оларға мұндай мүмкіндік берген компаниялардың пайдасы миллиардтаған доллардан асады. Оның үстіне жер-дүниеге жайылған пандемия кезінде интернеттегі жарнамаға тапсырыс беретіндер тіпті көбейген.

Ресейде IT-индустрияны дамыту және салық түсімін арттыруды көздейтін федералдық заң жобасын осы жылдың ортасына таман дайындау көзделіп отыр. Оның орындалу барысын қаржы, экономикалық даму министрліктері мен федералдық салық қызметі қадағаламақшы. Бұған сәйкес, Facebook, YouTube, Instagram, Twitter, Tik Tok және тағы басқалар салық агенті ретінде Ресейге салық төлеуге міндетті. Бұл құжатта «ресейлік блогерлердің блогындағы жарнамадан түскен табыс салығы» деп көрсетілген.

Жарнама нарығының бұл саласы құрығы ұзын салық бақылауынан тыс қалыпты. Шетелдік компания жарнамаға тапсырыс бергенде ақша блогердің жеке есебіне доллар немесе рубль түрінде келіп түседі. Оның мөлшері 500 мың рубльден аспаса, қаржы мониторингінің назарына ілікпейді. Басылымға сұхбат берген «Юрвиста» заңгерлік компаниясының директоры Алексей Петропольский былай дейді: «Мемлекеттің қаншама қаржыдан қағылып жатқанын тап басып айту қиын. Бірақ жыл сайын миллиардтаған рубль екені анық. Өйткені жарнаманың жартысынан астамы интернетке ойысты. Ал интернет дегеніміз — блогерлер белді ойыншысы болып табылатын алан». Елдегі әлеуметтік желіні кәсіби түрде қолданушылар қауымдастығы салық өндіріп алу оңайға соқпайтынын, жарнама жарияланған аккаунт иесінің кім екенін анықтау қиынға түсетінін көлденең тартады. Қауымдастық жетекшісі Владимир Зыков ең алдымен шетелдік компаниялар Ресейде толыққанды жұмыс істейтін өз өкілдігін ашуы тиіс деген пікірде.

Осы өкілдік ашу тек терістік көршіміз ғана емес, өзгелер үшін де көкейкесті мәселе болып тұр. Туркия билігі таяуда интернеттегі ірі компанияларды елде өз бөлімшесін ашуға міндеттей бастады. Сол арқылы салықпен қатар құқықтық қарым-қатынастан туындайтын кейбір талас-тартыс та өркеніетті түрде шешілуі тиіс. Ал ондай деректер соңғы кездері көбейе түсті. Күні кеше Роскомнадзор мекемесі Google LLC компаниясының бір жаңсақ ақпарат бойынша 3 млн рубль айыппұл төлегенін хабарлады. Бұдан бөлек, Ресейдегі медиа менеджерлер өз сайтында жарияланған дүниелерді шетелдік агрегаттардың тегін пайдалану арқылы жарнама немесе PR-материалдан қыруар пайда тауып, ақпарат құралына көк тиын төлемейтініне наразы. Былтыр Сочиде өткен Халықаралық шаңғышы-журналистердің басқосыуында Екатеринбургтен келген әріптесіміз мұның бүкіл ТМД-дағы БАҚ үшін аса манызды мәселе екенін айтып еді.

Біздегі жағдай қандай? Әлеуметтік желіні жарнама жасауға, лотерея ойнатуға, мақтап немесе даттап «бизнеске» айналдырып алған отандық блогер мен әншілердің алды айына 30 млн теңгені қалтаға басады. Ал газет пен сайттардағы дүниелердің арасына жарнаманы тегін орналастырып қоятын гуглдардың қанша табатыны тек өздеріне аян.

Срайыл СМАЙЫЛ



Аптаның айтары



«ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУГЕ 4,4 МЛРД ТЕҢГЕ ЖҰМСАДЫ. ЕҒЕР ҚОРДЫҢ БАРАЛЫҚ 850 ҚЫЗМЕТКЕРІНЕ БӨЛСЕК, ӘРҚАЙСЫСЫНА АЙЫНА 434 МЫҢ ТЕҢГЕ КЕЛЕДІ. БҰЛ ЕЛДЕГІ ОРТАША ЖАЛАҚЫДАН 2 ЕСЕ ЖОҒАРЫ. ҚОРДЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ҚАРАСАҚ, БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТӨРТ МҮШЕСІНЕ ШАМАМЕН 77 МЛН ТЕҢГЕ - ӘРҚАЙСЫСЫНА 19 МЛН ТЕҢГЕДЕН СЫЙАҚЫ ТӨЛЕНГЕН. АТАП АЙТҚАНДА, 2019 ЖЫЛЫ БЖЗҚ-НЫҢ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСЫ 11,8 МЛРД ТЕҢГЕДЕН АСҚАН. АЛ МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНЫҢ ШЫҒЫСЫ 1,9 МЛРД ТЕҢГЕДЕН АСТЫ. ҚОРДЫ ҰСТАУҒА ОСЫНДАЙ ШЫҒЫН ЖҰМСАЛСА, ӘРИНЕ, ХАЛЫҚ ТАРАПЫНАН ТҮРЛІ САУАЛ ТҮЫНДАЙДЫ».

Аманжан ЖАМАЛОВ, Мәжіліс депутаты



Альберт ФАУ, Мәжіліс депутаты:

«Одаққа мүше мемлекеттер бағалы металдардың, асыл тастардың, олардан жасалған бұйымдардың заңсыз айналымы үшін әкімшілік және өзге де жауапкершілікті үйлестіру жөнінде шаралар қабылдайтын болады. (...) Қай бағытта үйлестіреді? Жауапкершілікті күшейту немесе әлсіреу бағытында ма?»

Бейбіт АТАМҚҰЛОВ, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі:

«2016 жылдан бастап министрлік - бағалы металдар айналымы үшін, заңсыз тасымал, қайта өңдеу үшін жауапкершілікті күшейту мәселесіне тұрақты негізде инициатор. Бірақ бізде, ЕАЭО мүшелерінде осы бұзушылықтар үшін жазалау мәселелерінде әртүрлі көзқарас бар. Біз талдау жасап, статистиканы жинадық. Ондағы мақсат – жазаны күшейту, Қылмыстық кодекске өзгерістер енгізу. Жауапкершілікті үйлестіру жүріп жатыр, өйткені одақтағы әр мүшенің көзқарасы әртүрлі. Кейбір мемлекеттерде бұл қылмыстық жаза, кейбір мемлекеттерде әкімшілік айыппұл деңгейінде».

Нұрлан НЫМАТУЛИН, Мәжіліс төрағасы:

«Біздің елімізде тек әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Бұл қымбат металдарды ұрлау және соның салдарынан олардың заңсыз айналымы төмендемей, жылдан-жылға өсіп келе жатқандығына себеп. Сонда сіз не күтесіз? Неге ұйықтап жүрсіз? Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі бірінші кезекте қымбат металдардың заңсыз айналымы үшін жазаны қатаңдатуға мүдделі болуы тиіс. Сіздің бұл мәселе туралы құр сөйлеп қана емес, үлес қосуға кірісуіңіз керек. Біз сіз жазғанды үтір-нүктесіне дейін қолдаймыз. Құқық қорғау органдары да қолдайды деп ойлаймын».

Кесел

(Басы 1-бетте)

Хауа ана Адам атаның қабырғасынан жаралды деген заманнан бері ұлтымыз қызды қырық үйден тыйғанмен, қорламаған. Керісінше, өрісім деп өбектеді. Ары мен абыройын ойлағандықтан бойжетіп, тұрмыс құрғанша қызғыштай қорыды. Әулет әжесін төрге шығарса, немере қызды оң тізесіне отырғызып әспеттеген елміз. Енді осындай тамырын тереңге жіберген тәрбиемізді ескілікке телітіндер көбейіп, «қыз-келіншектердің құқығы, теңдігі» деген жалған ұранды көтеретіндер көбейіп жатыр.

Сегізінші наурыз Алматыда феминизмнің шашбауын көтергендер көшеге шықты. Бұл күні қолына гүл емес, плакат ұстағандардың ұраны ұғынықсыз. Талабы да түсініксіз. Құқықтары аяқ асты тапталатындай кімнен, қалай «таланып» жатқанын да түсіндіре алмайды. Әйтеуір, «айдағаны бес ешкі, ысықырығы жер жарадының» кері.

Жалпы феминизм дегеніміз не? Бұл — еркек пен әйелдің құқығы тең болуын көздейтін әйелдер қозғалысы һәм саяси идеология. Дәл халықаралық әйелдер күніне дәп келген феминистердің маршына жүзден астам нәзік жандылардың өкілі қосылды. Қой, нәзік жанды демейін. Құлақтарына түрпідей тиегін тіркесте «бізді кемсітті» деп шолақ белсенділердің шамына тиерміз.

Сөйтіп «Феминита», «ҚазФем», «FemAgoga» ұйымдары «Қазақстанды феминизм құтқаралды» деген сынайдағы желеумен жұрт назарын аудару үшін алаңға жиналды.

Түс әлетінде маршқа қатысушылар Ұлттық ғылым академиясының қарсы бетіндегі Шоқан Уәлиханов

жаныған жанкештілігін санасына сіңірер еді ғой.

«Қайран біздің шешелер!

Арды ойлаған,

Шілік шауып, ши орып,

бау байлаған,

Жігіттерден айырылып,

қалмай қараң,

Қырман басып, егін сап арба

айдаған», — деп жырайтын акын

Мұқағалидың мына бір шумағының өзінде аналардың қажыры айна-қатесіз сипатталған. Халқымыз бастан кешкен талай нәубетте әйелдердің рөлі айқындалып, жауапкершілігінің жүгі ауырлады. Сұм соғыста күйеуінен кара қағаз алып, жүрегі қарс айырылса да, баласын тәрбиелеп, жеткізуге барын салған мыңдаған қазақ әйелінің ерін жоқтатпай, олардың жолын жалғай аларының айғағы. Бірақ бұл тағдыр теперішіне түскен сәттердің еңшісіндегі еріксіз ерлік. Қалған кезде отбасының үйтқысына айналған ардақты ана бала тәрбиесі, ошақтың өшпеуіне бүкіл ғұмырын арнайды. Саналы ұрпақ сапалы ұлттың іргетасын қалайтынын ұғынған олар үшін отбасындағы береке басты орында тұратын. Тұрды да. Әйтсе де, енді солай бола ма деген ой мынадай феминизмді қолдайтындардың көбейіп жатқанына қарап көңілге күдік ұялатады екен.

Әлімсақтан әйел еркек болуға талпынбаған. Бұл — табиғат заңдылығы. Адамнан бұрын, аңдардың өзі осы заңдылық шеңберінен шықпайды. Қыз қылығынан айырылып, теңдікке таласса, ер адам жігіттік мінезінен

QOĞAM

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Алтын арқау

Биылғы жылдың 5 қаңтарында «Егемен Қазақстан» газетінде Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» атты мақаласы жарық көрді. Президент қоғамдағы айтулы мәселелерге тоқтала отырып, жаңа идея мен жаңа бастамаларды қолға алу керектігін баса айтты. Мақалада тарихи тұлғалар мен құндылықтарға лайықты құрмет көрсету және оларды дәріптеу керектігіне тоқталды.

ҚАЙ-ҚАЙСЫСЫ ДА ӨЗЕКТІ



Мәселен, тарихымызды түгендейтін «Жау жүрек мың бала», «Томирис», «Кейкі батыр», «Тар заман» секілді өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейтін кино-картиналардың қатарын көбейту; ұлтқа қызмет еткен Алаш зиялылары хақында зерттеу жүргізіп жатқан ғалымдар мен жазушыларға қолдау білдіру; құпиясы әлі де толық ашылмаған 1921-1922 жылғы ашаршылық туралы зерттеп, нақты құжаттарға сүйене отырып еңбек жазу; Желтоқсан батырларының ерлігі лайықты түрде бағалануы керек; Қазақстанның қысқаша тарихын жазып, әлемнің негізгі тілдеріне аудару; балаларға арналған шетел жазушыларының еңбегін қазақ тіліне аудару секілді бірқатар жоба-жоспар енген.

Президент мақаласына орай, біз Jas qazaq газетіне арнап, белгілі тарихшы Талас Омарбек пен жазушы-сатирик Қанағат Әбілқайырдың ой-пікірін сұрап-білдік.

Талас ОМАРБЕК,
тарихшы:



1921-1922 жылғы ашаршылық біздің тарихнамада бұрын жазылмаған. Жазылғанда да мүлдем басқаша жазылды. 1931-1933 жылғы ашаршылықты жазуға кеңестік жүйе тыйым салды. Құжаттарының бәрі құпия болды. Ал 1921-1922 жылғы ашаршылықтың қоры негізінен тарихшыларға ашық болды. Тіптен үкіметтің өзі 1924 жылғы шығарған ауыл шаруашылығы туралы жинақтарында «халықтың саны 900 мыңнан астамға кеміп кетті» деп, Батыс Қазақстандағы бес губернияны мысалға алады. Орап, Бөкей, Ақтөбе, Торғай сияқты. Ашаршылықтың себептері дұрыс көрсетілмеді. Өйткені кеңестік жүйе бұл ашаршылыққа өздерін кінәлағысы келмеді. Адам шығыны сияқты дерек өте көп болды. Оның ешқайсысын кеңестік билік айтқысы келмеді. Ашаршылық болды, малдың басы кеміп кетті, ауыл шаруашылығы қиналды деп

кана айтты. Бірақ оның бәрін азамат соғысына, ақтарға, құрғақшылыққа жапты. Осылайша, тарих бұрмаланып, тарихи шындық айтылмап, тарихи шындық айтылмап калды. Біз бұл ашаршылықты зерттеуіміз керек. Құжаттары архивте сақтаулы. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев дұрыс айтты. Тарихшылар бұл оқиғаны қайта зерттеуі тиіс.

Қанағат ӘБІЛҚАЙЫР,
жазушы-сатирик:



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 5 қаңтарда шыққан «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» деген мақаласы қазір барлық БАҚ беттерінде талқыланып жатыр. Оның талқыланатын себебі бар, өйткені маңызды ойлар айтылды. Мақалада көтерілген әдебиет пен мәдениетке қатысты, талайdan көкsep жүрген мәселелер осы мақалада қамтылған. Мәселен, «2021 жылды еліміздегі балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылы» деп жариялады. Бұл да — үлкен бастама. Өйткені кітап оқып өскен, әдебиет пен мәдениетке жақын өскен баладан үлкен үміт күтуге болады. Ондай баланың ой-өрісі кеңейеді, ұлтына деген құрметі артады. Сондықтан, әсіресе, осы көтерілген идеялардың ішінде балаларды кітап оқуға жетелеу өте орынды. Балаларға арналған шетел әдебиетін ана тілімізге аударып, жас буынға ұсынудың еш зияны жоқ. Керісінше, біздің ұтатынымыз көп болады. Шетелдік классиктермен коса, қазақстандық балалар жазушыларының да еңбектерін қайта басып дәріптесек, нұр үстіне нұр болар еді. Акын-жазушылар ауылдар мен аудандарда балалармен түрлі кездесу өткізіп, өз қолымен кітабын берсе, онда ол балаға екі есе әсерлі болады. Біз бала күнімізден оқып өскен кітаптардың авторын қалаға келіп көргенде үлкен әсерге бөленетінбіз. Егер біз жастарды кітап оқуға ынталандыра білсек, болашағымызға алаңдайтын жағдай болмайды деп есептеймін. Аталмыш мақалада көтерген Қасым-Жомарт Тоқаевтың көтерген идеясының қай-қайсысы да өте өзекті.

Мәулен ЖЕКСЕНБІ,
ҚазҰУ студенті



Қыз болып кийген жігіт

атындағы саябақта митингке топтасты. Күн тәртібінде көтерген мәселелері тұрмыстағы зорлық-зомбылық, теңдіктің болмауы. «Әйел құқығы — адам құқығы», «Менің тәнім — менің шаруам», «Патриархат өлсін!» деген ұрандарына қарап, құлды біреудің қыспағынан қашып, бас сауғалап келген қыз-келіншектер жиналған ба дерсін. Біреулері «Өз шұлығыңды өзін жу» деп өзеурейді. Араларында ұлттық камзол кийіп, қызтеке, транссексуалдардың құқығы туралы айқайлап жүргендері де бар. Қайран қалдым. Қазақтың салтын, танымын, дәстүрін пысырмай тұрғандар онда не үшін ұлттық киімімізді киіеді? Көздегені не? Айрандай ұйыған елді іріту ме? Камзолдан бөлек, орталарында қыздың киімімен шыққан жігіт деп айтуға аузын бармайтын еркек жыныстылар да болды. Гендерлік теңдікті тілге тиек еткендердің сөзіне (қаламасан да) бір сәт құлақ түрсең, шынында жұмысында ерлерден айлығы аз, тиісті медициналық көмек көрмейді, ешкім көзіне ілмейді екен, обал-ай деп аяп та кетерсін. Мұндайлар әже әңгімесін, әке тәрбиесін көрмеген-ау. Әйтпесе, қиын-қыстау заманда аналарымыздың ел басына күн туғанда, етігімен су кешкен ерінің жоғында, тұрмыстың бар ауыртпалығын арқаласа да, қыңқ етпей ұрпағы үшін жігерін

қабылдауын бәрі жаппай қолдай кетті. Байыбына барып жатқан ешкім жоқ.

Енді бір сәтке ойланыңыз. Феминистер талап етіп отырған тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты заң алда-жалда қабылданса, жанжалдың көкесі сонда басталайын деп тұр. Еркек әйеліне, балаларына сөзін өткізуден қалады. Ұрыспақ түгілі, зекігенінің өзі қылмысқа баланады. Ал мұны арқаланғандар, қит етсе, «соттатамынның» әләулейіне салып, ерін қыңқ еткізбей бір шыбықпен айдайын деп тұр. 8 наурызда жиылғандардың түпкі ойы теңдік емес, керісінше, үстемдік.

Қазақ қашаннан «бас жарылса, бөрік ішінде» дейміз. Отбасындағы қандай шуды болмасын, сыртқа шығармайтын тектілік қанымызға сіңген. Ондай кезде есірлікті естілігіне жөңдірер жігер де бойдан табылады. Өйткені ұят деген ұғым санамызға нық қазығын қаққан. Ал еріне мойынсұну, үлкеннің айтқанын екі етпеуді ескілікке, қорлыққа санайтын феминистер Батыстың қансық қозғалысы арқылы ұлт бірлігіне сызат түсіруді көздейді. Қазақ жұрты бұл кеселге жұмылып жүресуіміз керек!

Асқарбек ҚАЗАНҒАП



Фото: Интернет



www.jasqazaq.kz

Банк жүйесі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында «ақша-несие саясатын жаңадан қарау» міндетін атап көрсетті. Осы орайда Ұлттық банк 2030 жылға дейінгі Стратегиясын қабылдады. Стратегияда ақша-несие саясатын жүргізудің негізгі басымдықтары мен қағидастары айқындалды. Бұл жұртшылықтың Ұлттық банк қызметінен хабардар болуына септігін тигізуі тиіс. Біз осы құжаттағы кейбір мәселелерге тоқталуды жөн көрдік.

АҚША-НЕСИЕ СЯСЯТЫНЫҢ ТИИМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Ақпанда қабылданған еліміздің 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын ескере отырып, Стратегияда кедергілерді жоюға және толыққанды инфляциялық таргеттеу режиміне өтуді аяқтауға мүмкіндік беретін негізгі басымдықтар көрсетілді.

2015 жылғы инфляциялық таргеттеу режиміне көшкен сәттен бастап Ұлттық банк оның «төрт тірек» деп аталатын негізгі элементтерін енгізді. Бұл - өзгермелі валюта бағамы, пайыздық саясат, ашық байланыс, талдау және болжау жүйесі. Енгізілген режимді «өтпелі» деп сипаттауға болады. Өйткені құрылымдық шектеулер бар. Соның нәтижесінде ақша-несие саясатының елдегі инфляциялық процестерге әсері әлсіреді. Бұл көбіне экономиканың баяу әртараптандырылуымен, импортқа тәуелділіктің жоғары болуымен, қаржы нарығының жеткілікті дамымауымен, жеңіл фискалдық шектеулер кезіндегі мемлекеттік несиелендірудің белсенді болуымен байланысты. Халықаралық тәжірибеде мұндай режим «light IT» деп аталады.

Ұлттық банк аталған сын-қатерлерді енсере отырып, экономиканың түрлі тәуекелдерге ұшырауының төмендеуін және соның салдарынан ақша-кредит саясатының инфляцияға әсерінің күшеюін күтетінін мәлімдейді. Осылайша инфляциялық таргеттеудің толық немесе «full-fledged» режиміне қол жеткізуге болады. Бұл қабылданатын шешімдердің тиімділігін арттыруға және экономиканың орнықты дамуы үшін базалық артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.


Ақша-несие саясатының тиімділігін арттыру үшін Ұлттық банк монетарлық негіздерді күшейту, қаржы секторын одан әрі дамыту, сондай-ақ елдің макроэкономикалық саясаты саласындағы

іс-қимылдарды үйлестіруге арналған басты бағыттарды бөліп көрсетті.

Инфляциялық күтулерді төмендетуге және тежеуге, халықаралық резервтердің жеткілікті деңгейін қолдай отырып, құбылмалы айырбастау бағамы режимін нығайтуға, сондай-ақ Ұлттық банктің коммуникациялық саясатын күшейтуге мүмкіндік береді.

Тиімді қаржы секторын дамыту ұлттық валютаға деген сенімді арттырады және елдің қаржы жүйесінің орнықтылығын нығайтады.

Жауапты макроэкономикалық саясатты жүргізу сыртқы факторларға тәуелділікті төмендетеді, фискалдық позицияны



қатысуын жалғастыруы бақыланбайтын инфляцияның өсу, валюта нарығының тұрақсыздану тәуекелдерін туындатады және соның салдары ретінде ұзақ мерзімді экономикалық өсудің төмендеуіне әкеледі. Сол себепті Ұлттық банк 2023 жылдан бастап экономиканы қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларына қатысуын біртіндеп тоқтата бастайды. Бұл процесс 2025 жылға дейін аяқталады.

Тиімді ақша-несие саясатын жүргізудің келесі алғышарты экономика субъектілерінің ұлттық валютаға сенімінің өсуі болмақ. Атап айтқанда, бұл долларландырудың төмен деңгейінен көрінеді. Экономикадағы теңгенің рөлін арттыру және инвесторлардың ұлттық валютаға мойын бұруы үшін инфляцияның төмен деңгейін қамтамасыз ету маңызды болып табылады. Төмен және тұрақты инфляцияға назар аудара отырып, икемді айырбастау бағамы долларландырумен тиімді күресуге мүмкіндік береді. Ол теңге құнының ішкі және сыртқы іргелі факторларға сәйкестігін қамтамасыз етеді, күтпеген өзгерістерді реттейді және экономикада теңгерімсіздіктің жиналмауына мүмкіндік береді.

Ұлттық банк саясатының маңызды жетістігі инфляцияны 2023 жылдан бастап 5 пайыздан төмендету болмақ. 2025 жылдан бастап Ұлттық банк инфляцияның 3-4% деңгейінде тұрақтануын және оның ұзақ мерзімді перспективада осы деңгейде сақталуын күтуде. Жүргізіліп жатқан шаралар нәтижесінде күтілетін инфляция 2025 жылдан кейін 3-4% ауқымында қалыптасуы тиіс. Барлық шаралар кешенін табысты іске асыру және негізгі міндеттерге қол жеткізу инфляциялық таргеттеудің барлық қажетті элементтерін құруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде инфляциялық процестерді бақылауды күшейтеді және инфляцияны нысаналы деңгейде қалыптастыруды үйреншікті құбылыс етеді. Бұл ел экономикасына ұзақ мерзімді инвестициялар үшін 30 болжамды ортаны қалыптастырады, оның дамуына алып келеді және халықтың әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді.

Талап ТЛЕПЕГЕН

Қарулы Күштер

Қазақстан Қарулы Күштерінде ұшқышсыз ұшу авиациялық жүйесі белсенді түрде қолданылып жатыр. Бүгінгі таңда әскерде тактикалық, соққы беру және барлауға арналған ұшқышсыз аппараттар бар.

Ұшқышсыз ұшу аппараттарының қолданылу аясы күн санап артуда. Қорғаныс министрлігі баспасөз қызметінің Jas qazaq-қа берген ақпаратына қарағанда, олар алғаш рет Құрлық әскерлері мен Әуе қорғаныс күштері 2015 жылы енгізілді.

ОЗЫҚ ТЕХНИКА – ӘСКЕРИ ӘЛЕУЕТ

Әскери-әуе күштері Wing Loong (*Птеродактиль*) барлау-соққы беру кешенімен жабдықталған. Ол әуе барлауды жүргізу міндеттерін орындауға ғана емес, сондай-ақ басқарылатын зымырандармен, түрлі типтегі бомбалармен жоғары дәлдікте соққы беруге де қабілетті. Wing Loong ұшқышсыз ұшу құрылғысы 20 сағатқа дейін автоматты режимде жұмыс істеуге және 4000 шақырымға дейінгі қашықтықта ұшуға қабілетті. «Птеродактиль» қанаттының құлашы 14 метр, ұзындығы 9 метрден сәл асады. Ал максималды салмағы – 1100 келі. Wing Loong жылдамдығы сағатына 280 шақырымға дейін жетеді. 5000 метр биіктікке көтеріле алады және 200 келіге дейін жүкті еміні-еркін тасиды.

Қарулы Күштердің Құрлық әскерлері «SkyLark» тактикалық ұшқышсыз ұшу аппаратымен де қамтамасыз етілген. Оның жұмыс уақыты үш сағатқа жетеді, 40 шақырымға дейінгі радиуста жұмыс істей алады. Оны іс жүзінде қолдану арнайы инфрақұрылымды талап етпейді. Атап айтқанда, барлау әрекеттерін

жүзеге асырудан, нысананы белгілеуден, артиллерия атысын түзетуден, жердегі нысанға соққы авиациясын бағыттаудан бастап, қарсыласты ерекше маңызды



аппараттық құралымен, дрон мен басқару жүйесі арасындағы қорғалған байланыстың жеке криптографиялық хаттамасымен, кепілдігі бар құпия кілтпен, тікелей және кері



нысандары мен олардың элементтерін жоя алады.

2018 жылдан бастап Ұлттық қорғаныс университетінің ғылыми-зерттеу орталығында «Шағала» ұшқышсыз ұшу аппараттарының тәжірибелік үлгісін дайындау бойынша жұмыс жүргізілген болатын. Қазіргі таңда әскери мақсаттағы алғашқы отандық ұшқышсыз ұшу құрылғысы зауыт және полигондық тәжірибеден өтіп жатыр. Отандық «Шағала» байланыс арнасын қорғаудың бағдарламалық-

қорғаныспен жабдықталған. Мұның барлығы университет қабырғасында 2014 жылдан бері жүргізіліп келе жатқан әскери ғалымдардың жобасы.

2017 жылы Қазақстан Қарулы Күштері «Армия» халықаралық ойындарында ұшқышсыз ұшу аппараттарының операторларына «Сұңқар салу» сайысын қосуға бастама танытты. Аталмыш додада қазақстандық жауынгерлер сөзсіз бірінші орынды иеленіп, әлі күнге жеңімпаз атанып келеді. Бұл біздің елімізде қару-жарактың осы түрін сәтті түрде қолданылуы мен дамуын растайды.

Бұл техникалардан бөлек, бертінде Қарулы Күштердің қару-жарак пен әскери техниканың халықаралық нарығын зерттеу аясында қазақстандық сарапшылар ARMA-8x8 түрік бронды машинасының мүмкіндіктерін бағалады. Қарағанды гарнизонындағы «Спасск» оқу-жаттығу полигонында NEFER жауынгерлік үлгідегі ARMA-8x8 брондалған дөңгелекті машинаның мүмкіндігі сыналды.

Көлікті шығарушы зауыттың мәліметіне сүйенсек, бұл NEFER әскери техникасын Қазақстан әскері пайдалану үшін арнайы әзірлеген. Ол түнгі уақытта көздеу кешені мен жылуға дейін ден қоюшы камераны қолдана отырып, атыс жүргізеді. Бұл айқын көрініс пен мақсатты дәлдеп зақымдауды қамтамасыз етеді.

Аскарбек ҚАЗАНҒАП

Шағын бизнес

Шағын және орта бизнестің дамуы елдің өркендеуіне үлкен септігін тигізеді. Бүгінгі таңда елімізде бұл үрдіс едәуір қарқын алуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та осы бизнестің қос түрімен айналысатын қазақстандықтарға қолдау білдіруде. Еңбек етем деген әр отандасымызға өз кәсібіне қарай тиімді жолмен берілетін несиелерді де қарастырған. Қазір республикамыздың әр аймағында бизнестің дөңгелетіп отырғандардың қарасы көбеюде.



БӨДЕНЕНІҢ ДЕ ТАБЫСЫ КӨЛ-КӨСІР



Айталық, меркілік жас кәсіпкер Жолдасбек Бахадұрұлы— осы салада жүргендердің бірі. Ол бөдене шаруашылығымен айналысады. Яғни жұмыртқасын сатады. Қазақстан бойынша кең етек жаймаса да, Жамбыл облысына қарасты: Меркі, Тұрар Рысқұлов ауданы мен Тараз қаласын түгелдей бөдене жұмыртқасымен қамтамасыз етіп отыр. 2014 жылы жай ғана қызығушылықтан басталған бұл шаруа бүгін де бір отбасын асырап қана қоймай, үш адамды жұмыспен қамтып отыр.

Қазақстанда кәсіпкерлікті дамыту барысында «Атамекен» ұлттық палатасының рөлі зор. Ал меркілік Жолдасбек Бахадұрұлы жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Жас кәсіпкер» байқауына қатысты. Алға қойған мақсаты айқын, құрған жоспары өтімді болғандықтан, 3 миллион теңгелік грантты иемденді. Оған қоса, пайызы аз несиелерді де алып, қорадағы бөдене санын көбейткен. Қазір 1000 бас бөдене мен 800-ге жуық балапан бар екенін алға тартты.

Бөдене жұмыртқасының өтімді болуының себебі аз емес. «Оның емдік қасиеті жоғары. Тауық жұмыртқасына қарағанда, әлдеқайда пайдалырақ. Ойлау қабілетін арттырып, адам ағзасын түрлі жұқпалы аурулардан қорғайды. Тауық жұмыртқасымен салыстырғанда, бір грамм бөдене жұмыртқасының құрамында А, D дәрумендері екі есеге көп. В тобындағы витаминдер де алты есе, фосфор, калий және темір төрт есе жоғары. Бұл диеталық өнімге жатады. Кобальт, мыс, никотин және амин қышқалы да мол», — дейді кәсіпкер.



Жалпы, шағын және орта бизнеспен айналысатындардың дамуына «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының қосқан үлесі көп. Ұйымның атқарған игі ісін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары бағалады. «Соңғы бес жыл ішінде шағын және орта бизнестің ел экономикасындағы үлесі 24 пайыздан 32 пайызға артты. Кәсіпкерлік саласында еңбек ететін азаматтардың саны 21 пайызға, яғни 2,8 миллионнан 3,4 миллионға дейін өсті. Қазір жұмыспен қамтылғандардың 40 пайызға жуығы шағын және орта бизнесте еңбек етеді. Бұған мемлекет пен бизнесті байланыстырып отырған Ұлттық палатаның сіңірген еңбегі мол», — деді мемлекет басшысы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының VII съезінде сөйлеген сөзінде.

Бизнеспен айналысатын жандарға көптеген мүмкіндіктер қарастырылған. Әсіресе, үкімет осындай шараларға баса ден беруде. Ал меркілік кәсіпкер Жолдасбек Бахадұрұлы алдағы уақытта тек Жамбыл облысы аумағында ғана емес, Алматы қаласына да өз өнімін жеткізуді көздеп отыр.

Мәулен ЖЕКСЕНБІ,
Меркі ауданы
Жамбыл облысы



www.jasqazaq.kz

5

Медициналық қызмет

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастапқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту жөніндегі тапсырмасына орай, Шымкент қаласында бірқатар шаралар қолға алынып отыр.



ДЕНСАУЛЫҚ – БАСТЫ НАЗАРДА

Жалпы Шымшаһар тұрғындарына амбулаториялық-емханалық деңгейде 14 мемлекеттік және 24 жекеменшік мекеме қызмет көрсетеді. Медициналық қызметтердің кадамдық қолжетімділігін іске асыру үшін 3 жаңа жеке медициналық ұйым (*Sunkar Premium, Otai Med, Шымфарм*) халыққа амбулаториялық деңгейде қызмет көрсете бастады. Осыған байланысты жекеменшік ұйымдарға азаматтар көбірек тіркелуді байқалады. Мәселен, өткен жылы 214 828, биыл 291 612 тұрғын тіркелген.

Медициналық мекемелердің сапасын арттыру, ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында

бір жолы вакцина салдыру екені белгілі. Шымшаһарға ресейлік Sputnik V вакцинасының алғашқы легі 1 ақпанда келді. Бір мың азамат ерікті түрде вакцина салдырды. Алдағы уақытта бұл жұмыс жалғаса береді.

Еліміздің үшінші мегаполисінде мемлекеттік медициналық ұйымдарда комплаенс қызметі енгізілді. Емдеу мекемелерінде жаңа қызмет түрін комплаенс офицер атқарады. Комплаенс қызметін енгізудің мақсаты – медициналық ұйымдарда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. Нақтырақ айтқанда, медицина қызметкерлері тарапынан ақша талап ету немесе тегін



барлық мекемелерге QR-код енгізу жұмыстары жүргізілуде. QR-код арқылы науқас дәрігер, медициналық мекеме туралы толық ақпарат алып және көрсетілген медициналық қызметті бағалауға мүмкіндік туады. Бүгінгі таңда QR-код барлық медициналық ұйымға енгізілді. Оны пайдалану үшін ұялы телефонда QR-код қосымшасын жүктеу қажет.

Қалалық денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне сәйкес, дәрігерлік жүктемені азайту бойынша атқарылған іс-шаралар да өз нәтижесін берген. 2018 жылы бір дәрігерге 2084 азамат тіркелсе, бытыр 1631-ге дейін азайған.

Сонымен қатар 2020 жылмен салыстырғанда, бұл жылы амбулаториялық-емханалық деңгейдегі дәрігерлер саны 7,6 пайызға, орта медициналық қызметкерлер үлесі 6,5 пайызға өскен.

Елімізде ана мен баланың денсаулығы мемлекет қорғауында. Бұл ең алдымен заманауи перзентхана мен кәсіби дәрігерлердің болуын қажет етеді. Шымкентте төрт перзентхана бар. Қаладағы екі перзентханада күрделі жөндеу жүріп жатыр, таяуда аяқталады. Орынның тапшылығына байланысты бірінші аурухананың жанынан бесінші перзентхананы ашу көзделді. Бытыр медициналық құрал-жабдыққа 6 млрд теңге қаржы бөлінсе, биыл да материалдық-техникалық база нығайтылмақ. Жеке емханалардан бөлек, бір мың орындық заманауи аурухана құрылысы жоспарланып отыр.

Сондай-ақ қаладағы медицина саласында үлкен жаңалық болғалы тұр. Онкологиялық ауруханада ПЭТ/КТ орталығы мен сәулелі терапия орталығы ашылады. Мұндай орталықтар республикамызда әзірге тек Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында бар. Одан өзге, қала тұрғындарына медициналық көмек көрсету барысында өткен жылы кепілдендірілген



медициналық қызмет көрсетуге бөлінген қаржы 88 пайызға артты. 2019 жылы 42 млрд теңге, ал бытыр 80 млрд теңге бөлінді. Биыл да осы деңгейде қаражат қарастырылып қойды. Айта кету керек, Шымкентте осыған дейін денсаулық саласына мұндай қосымша қаржы бөлінген емес.

Өткен жылдан бері елді әбгерге салған коронавирус пандемиясын жеңудің бірден-

көрсетілетін медициналық қызмет түріне, түрлі анықтамаларға, мүгедектікке шығару кезінде әртүрлі заңсыздықтарға тап болсаңыз, комплаенс офицерге шағымданаңыз болады.

Комплаенс офицер маманы емдеу мекемелеріндегі фронт-

ИНДЕТ

АЛМАТЫ – «ҚЫЗЫЛ АЙМАҚТА»!

Алматы мен Нұр-Сұлтан коронавирустың тарауы бойынша «қызыл аймаққа» енді. «Сары аймақта» Ақмола, Батыс Қазақстан, Атырау, Павлодар облыстары тұр. Қалған облыстар мен қалалар – «жасыл аймақта». Алматы қаласы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің дерегінше, қалада R коэффициенті (*бір науқастың қанша адамға вирус жұқтыратынын көрсетеді*) 1-ден асқан, соңғы 7 күн ішінде 100 мың тұрғынға 47,5 науқастан келген. Вирустың 23 пайызы – ойын-сауық орталықтары мен сауда үйлерінен, 22 пайызы басқа қоғамдық орындардан табылған.

офисте тұрғындарды қабылдайды. Жаңа қызмет түрі қаладағы 35 мемлекеттік медициналық ұйымға енгізілген.

Ал Сайрам тұрғын алабындағы №3 қалалық ауруханаға жаңа компьютерлік томография аппараты орнатылды. Жаңа қондырғыны алу үшін жергілікті бюджеттен 160 млн қаржы бөлінген. Сайрамдағы тұрғындар енді КТ аппаратына түсу үшін орталық ауруханаға сабылмайтын болды. Медициналық ұйымға орнатылған қондырғы арқылы дәрігерлер ауыр жағдайда жедел жәрдеммен жеткізілетін науқастарды диагностикалық тексеруден өткізіп, емдеу жұмыстарын жүргізеді. Сондай-ақ медицина мамандары КТ-ны қолдана отырып, азаматтарды жоспарлы тексеруден өткізбек. Айта кетейік, №3 қалалық аурухана көпсалалы болғандықтан, мұнда 56 орындық перзентхана бар. Медициналық ұйымда балалар, хирургия, терапия, неврология, реанимация бөлімшелері жұмыс істейді. Биыл наурыз айында ауруханада нейрохирургия бөлімін ашу жоспарлануда.

Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

Медициналық сақтандыру

2020 жылдың 1 қаңтарынан Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі іске қосылғаны мәлім. Осы кезден бастап еліміздегі денсаулық сақтау жүйесі өзгеруі тиіс еді. Бұл, әсіресе, медицина қызметкерлерінің жалақысын арттыру, сапалы медициналық көмекке қол жеткізу мәселесіне келіп тіреледі.

Медициналық сақтандыру жүйесі рәсіммен де денсаулық сақтау саласына оң серпіліс бере алды ма? Бір жыл ішінде қандай



ҚЫЗМЕТ САПАСЫ ЖАҚСАРАДЫ

енгізуге қоса, мүлде күтпеген жағдай, яғни пандемиямен күрес мәселесі қатар келді. Соның салдарынан бюджетті оңтайландыру, бюджетте көрсетілмеген шығындарды қаржыландыру мәселесі әбгерге салды. Қордың негізгі міндеті – медициналық ұйымдарды үздіксіз қаржыландыру болса, 2020 жылы КВИ-мен күреске жұмылдырылған медициналық қызметкерлерді материалдық қолдау сияқты жұмыстарды МӘМС қоры мүлтіксіз орындап шықты».

Забира Жандарқызы атап өткендей, 2017 жылдың жартысынан бастап қорға жиналған қаржы көлемі 500 млрд теңгеден асқан. Сол қаржының басым бөлігі алдын ала көзделмеген бағыттарға жұмсалды. «Пандемия МӘМС жүйесін енгізу барысында жүйелі әрі тұрақты жұмыс жүргізуге кедергі келтіргені жасырын емес», – деп атап өтті ол.

Дөңгелек үстел барысында тұрғындар арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі жарияланды. Респонденттердің 50 пайызы ғана медициналық сақтандыру туралы хабардар болып шықты. Сондай-ақ сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі МӘМС шеңберінде сақтандырылғанымен, ақылы медициналық көмекке жүгінген.

өзгерістер орын алды? Жуырда «Міндетті әлеуметтік сақтандыру: проблемалары мен перспективалары» тақырыбында



МӘМС қорының дерегі:

- Тұрғындардың 85 пайызы - МӘМС жүйесіне қатысушы;
- Пандемия кезінде медициналық қызметкерлерге төленген үстемақы МӘМС қорынан бөлінді;
- 11 миллионнан астам адамға мемлекет тарапынан жарна төленеді;
- көпбалалы аналар санатына - Алтын алқа және күміс алқа иелері ғана кіреді;
- мемлекет күндізгі бөлімде оқитын студенттерге ғана жарна аударады, сыртқы бөлімде оқитын студенттерге жарна мемлекет тарапынан аударылмайды;
- 2020 жылы 42 500 теңге алу үшін Бірыңғай әлеуметтік төлем аударғандар жеке кәсіпкер ретінде танылды да, жұмыссыз санатынан шығып қалды. Енді жерде бұл азаматтар медициналық көмекті МӘМС шеңберінде алу үшін көрсетілген шекті көлемде жарна аудару қажет;
- кез келген адам fms.kz. порталынан МӘМС-тегі мәртебесін тексере алады.

Дөңгелек үстел барысында медициналық сақтандыру жүйесі төңірегінде айтылған сын-пікірлерге қатысты Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры заңды және жеке тұлғалармен жұмыс жүргізу департаментінің директоры Забира Оразалиева «көштің жүре түзелетінін және қор тарапынан үздіксіз азаматтарға ақпараттық жұмыс жүргізуге бағытталған әрбір өңірде арнайы қызметкерлер бар» екенін жеткізді.

Әйгерім
КОЖАХМЕТОВА,
Алматы қаласы

6



www.jasqazaq.kz

Ауыз су

Ақмола облысында 590 елді мекенде шамамен 500 мыңнан астам адам тіршілік етуде. Осы елді мекендердің ішінде тек 364 ауыл таза ауыз сумен қамтамасыз етілген. Ал 226 ауылда су құбырлары мүлде тартылмаған. Сол себепті көптеген ауылдар ауыз суды тасымалдап ішуге мәжбүр. Тоқсан мыңға жуық ауыл тұрғынының ауыз су мәселесін шешу қажеттігі ұзақ жылдардан бері айтылып келеді. Тек соңғы кезде ғана осы бір түйткіл мәселе біртіндеп шешілуде. Облыс аумағындағы ауылдарда бес мың шақырымға жуық су тарту желілері тартылған. Солай бола тұра, өртеректе тартылған су құбырларының ескіргендігін де ескермеуге болмайды.

Соңғы жылдары «Нұрлы жер» және «Өңірлерді дамыту» мемлекеттік бағдарламалары облыс тұрғындарын ауыз сумен қамтуда жемісін беруде. Осы бағдарламалардың арқасында облыс орталығынан тым шалғай орналасқан елді мекендерге су құбырлары тартылып, бірқатар күрделі мәселелер шешілді. Соның бірі — Біржан сал ауданына қарасты Аңғал батыр ауылы. Бүгінде ауыл тұрғындары ауыз суды үйлеріне дейін кіргізіп алған. Солардың бірі — Жолдасовтардың отбасы.

отбасы ауыз суды үйлеріне кіргізіп алды. Бұл ауылдағы тұрғындардың 30 пайызы. Ал жыл соңына дейін елді мекеннің барлық тұрғыны тіршілік көзін үйлеріне қосып алуды көздеп отыр.

Жалпы Біржан сал ауданы бойынша тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жақсы жолға қойылған. Мәселен, өткен жылы 7 ауылда су құбыры іске қосылса, биыл тағы 9 елді мекенді тіршілік нәрімен қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Тағы бір жағымды жаңалықты айтсақ, Жаксы ауданындағы шоқжұлдыздай шағын Терісаққан ауылының тұрғындары ауыз судың азабын тартқалы не заман. Енді бұрын-соңды өңірде қолға алынбаған жақсы жаңалықтың арқасында ернімізге таза су тиеді деп үміттеніп отыр.

Ауыл алғашқы қазығын қаққаннан бері құдық суын ішіп келеді. Бұл өңірде жер асты суы тапшы. Қанша қазсаңыз да, тұзды су шығады. Мейірін қанып іше алмайсың. Бұған дейін қазылған қос құдықтың дәмі осындай. Оның үстіне сапасы да күмәнді. Әйтсе де, ауыл тұрғындары көндігіп келген. Енді, міне, үміт оты лаулап жанғалы тұр. Елді мекенде ауыз суды тасымалдайтын және тазартатын біріктірілген блок-модуль іске қосылмақ. Бұрынғы құдықтарға қарағанда, әлдеқайда қуатты.

Сондықтан, сәтін салса, таза суға қарқ қылмақ. Бұрынғы құдықтар қауғаны бірер рет салған соң тайыздалып,



АҚМОЛАЛЫҚТАР АУЫЗ СУДЫ АДАЛДАП ІШЕТІН БОЛДЫ



Шаңырақтың отанасы «судын үйде болғаны бірсыпыра жұмысымызды жеңілдетте түсті» деп қуанышын білдірді. Ауыл тұрғыны Индира Жолдасова өз ауылының қаладан қашық болғанымен, тұрмысы қалалықтардан кем еместігін айтты.

— Су — тіршілік көзі ғой. Үйде суық та, ыстық су да бар. Біраз шаруамыз жеңілдеді. Әйел адамға судың үйде болғаны жақсы әрі ыңғайлы ғой. Кім ойлаған, біздің ауылда су үйге кіргізіледі деп. Өзіміз әзер сеніп отырмыз. Осындай жағдай жасаған ауыл әкімдігіне айтар алғысым көп! — дейді ол.

Сонымен қатар орталықтандырылған су жүйесіне ауылдағы әлеуметтік нысандар да қосылған. Оның ішінде білім ошағы мен ауыл мешіті бар. Айта кетелік, ауылдағы мектеп 1984 жылы пайдалануға берілген. Бүгінде мұнда 110 оқушы білім алуда. Амангелді Иманов атындағы Аңғал батыр орта мектебінің директоры Нұрлан Шонтаевтың айтуынша, мектепке сапалы ауыз судың қажеттілігі қатты сезілген.

— Бізде су ашы болды. Ол, әрине, оқушылардың денсаулығына зиян. Сондықтан осындай тұшы ауыз судың тигізер пайдасы көп. Қуанышымызда шек жоқ, — дейді директор тізбен әңгімесінде. — Тартылған су құбыры желісінің ұзындығы 15 шақырымды құрайды. Сонымен қатар ауыл көшелерінде 119 арнайы құдық та орнатылған.

Ауыл әкімі Әмина Жақыпова өз сөзінде республикалық қазынадан 466 млн 500 мың теңге қаржы бөлінгенін айтты.

— Көп жұмыс атқарылды. Су құбыры қазылды, су сорғыш стансасы орнатылды. Халық риза. Қазіргі таңда 35

суы сарқылып, түбі көрініп қалатын. Мамандардың айтуына қарағанда, жана модуль ауыз суды молынан беретін көрінеді. Ең бастысы, осы тәжірибе оң нәтиже берсе, төңіректегі су тапшылығын тартып отырған елді мекендерге де орнатылмақ.



Ауыл тұрғындарының айтуына қарағанда, таза сумен қамтудың екі жолы болған көрінеді. Біріншісі, тағы да тереңірек құдық қазу, екіншісі, су тазалайтын сүзгі қою. Ауылдық кеңес отырысында ел ақсақалдары егжей-тегжейлі ақылдаса келе, сүзгі қоятын болып шешіпті. Өйткені дәл осы өңірде тап басып таза су көзін тапқан ешкім жоқ. Бейнеттеніп құдық қазып, оның суы тағы да ашы болып шықса, қаншама қаражат желге ұшады. Одан да бар суды сүзгіден өткізіп, тазалаған дұрыс.

Нысанды елордалық мердігер компания қолға алған. Құрылысына аудандық бюджеттен 12 млн теңге қаражат бөлінген. Қазір артезиан

құдықтар дайын. Новокиенка ауылындағы орталықтандырылған сумен жабдықтау техникаларын орнату жұмысы аяқталуға таяу. Сәтін салса, бұл бастама төңіректегі қаншама халықтың қажетін өтеуге септігін тигізетін түрі бар.

Степногорск қаласы мен оның маңындағы бірнеше елді мекен ауыз судың азабын тартқалы қанша жыл?! Алтынды өңірінің тұрғындары судың жоқтығынан мал баға алмай, бақша еге алмай қиналып келген болатын. Шындығын айтқанда, мал түгіл, адамдардың өздері таза суға зар еді. Енді, міне, «Степногорск су каналы» мекемесі су тазалайтын жаңа қондырғының арқасында қаланы да, қала іргесіндегі елді мекендерді де таза суға қарқ қылмақ. «АП-Импэкс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жаңа заманның талабына толық жауап беретін су тазалайтын құрылғыны таяуда пайдалануға бермекші.

Құрылғының қуаты тәулігіне 48 мың текше метр су тазалауға еркін жетеді. Сілеті су қоймасынан алынған нәр ауыз суға да, өндірістік мақсатқа да пайдаланылатын болады. Жалпы құны 5 082 395 243 теңге тұратын құрылғыдағы су ең озық технология бойынша сүзгіден өткізіледі. Бір айта кетерлігі, жаңа құрылғының электр қуатын үнемдеуге әсері мол екен.

— Бұрын ауыз судың азабын көп тарттық. Заводской және Аксу

Тұрғын үй

Талдықорған қалалық құрылыс бөлімінің ақпараты бойынша, бытырғы құрылыс жұмыстарының көлемі 41 млрд теңгені құрады. Жоспар бойынша 132,4 мың шаршы метр құрылыс салу жоспарланса, жыл соңындағы есеп бойынша 137,5 мың шаршы метр пайдалануға беріліп, жоспар артығымен орындалғаны белгілі болды. Сол қатарда екі Студенттер үйі, тұрғын үй, көпір, тағы да басқа нысандар бой көтеріп, қаламыздың көркеюі мен кемелдене түсуіне ықпал етті. Осы нысандарды салуда «Сурмак» ЖШС, «Құрылысшы ТБС» ЖШС, «Техноснаб» ЖШС, «Лепес» ЖШС, «Жетісу тұрғын үй құрылыс» ЖШС, «Шымыр» ЖШС, «Гекку Құрылыс» ЖШС, «Терра» ЖШС құрыш қолды құрылысшыларының үлесі мол.

Айта кетерлігі, қаладағы құрылыс жұмысы қыс бойы тоқтаған жоқ. Биыл қалалық құрылыс бөлімінің жоспары бойынша, 6,7 және 8-шағынаудандарда мемлекеттік

Айдана енесімен бір шаңырақта отбасының берекесін тасытып отыр.

«Үй кезегінде он бес жыл тұрып, ай сайын алпыс-жеттіс мың теңгені үй жалдауға беріп, қысылып жүр едік. Бұл үйге кіргелі шаңырағымыздың берекесі арта түсті», — деп қуанышын жеткізді ол.

Жолшыбай жұмысына асығып бара жатқан №368 үйдің иесі Асқар Рақымбаевты тоқтатып, пікірін білуге асықтық:

«Он баланың әкесімін, үй кезегінде 10 жыл тұрып, осы үйді алдым. Иә, басында кемшіліктер болды. Ол жаңадан салынған үйдің бәрінде болады. Тіпті жеке қаржымен үй тұрғызан да, кездесетін кемшілік. Қазір үйіміз жылы, бала-шағамен бірге берекелі өмір сүріп жатырмыз», — деп ағынан жарылды.

Әрине, кездескен тұрғындардың сұрағымызға шынайы жауап бергеніне сенімдіміз. Десе де, шешімін күткен жағдайларды да кездестірдік. №410 үйдің тұрғыны Айнагүл Үмбетова қалашықтағы табиғи газдың ақысын төлеуге қатысты шағымын айтып қалды. «Алтын алқалы» ана Айнагүл үйге кірген екі жылдан бері келісімшарттың болмауына байланысты табиғи газдың ақысын дер кезінде төлей алмапты. Енді екі жылдың ақысы жиналып, біраз сомаға жеткендіктен, оны бірден төлеуге қалтасы көтермейтінін алға тартты. Газ ақысының дер кезінде төленбеуінің себебін

ҚАЛАДА ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ



бюджет және жеке инвестиция есебінен жалпы ауданы 93,5 мың шаршы метр, 1215 пәтерлік 31 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысын аяқтау жоспарлануда. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Жетісу» және 8-шағынауданында көлемі 20,5 мың шаршы метр болатын 277 пәтерлі 5 тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Коттедж қалашығында жалпы аланы 34 мың шаршы метр 377 коттедждің құрылысы жүргізілуде. Коттедж қалашығын көріктендіру, оның ішінде инженерлік желілер бойынша су, кәріз, электр және газ желілерін тарту, жол салу жұмысы жалғасуда. Сондай-ақ коттедж қалашығында 900 орынды мектеп жобасы бойынша «КАПРЕМПРОЕКТ» ЖШС

қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің мамандарынан сұрап көрдік: Алмас Барлыбек қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің бас маманы: «Коттеджді қалашыққа табиғи газ желісі әрбір баспанаға тегін тартылып, пештер орнатылып, жағдай жасалды. Тұрғындар пайдаланған газдың ақысын төлеу бойынша 8 ақпан күні қалалық әкімдікте «ҚазТрансГазАймак» АҚ Жетісу өңірлік филиалы, «Тавиди» ЖШС және қалашық тұрғындарының қатысуымен жиын өтті. Осы жиналыста газ ақысының дер кезінде жиналмауының себебі тұрғындарға тіндіріліп, келісім бойынша үй иелері осыған дейін пайдаланған газдың ақысын өздері



жобалау ұйымы жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуде.

Алматы-Талдықорған күрежолының қалаға кіреберіс тұсынан бой көтерген коттедж қалашықта 600-ден астам үй бой көтермек. Қажырлы еңбектің нәтижесінде бүгінде 400-ге жуық баспана пайдалануға беріліп, өз иесін тапты. Баспана ұзақ жылдар үй кезегінде тұрып, кезегі келген көпбалалы аналарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға, әлеуметтік сала қызметкерлеріне кезек-кезеңімен тапсырылууда.

Индира Мұқаметқалиева №324 үйдің иесі: «2006 жылы үй кезегіне тұрып, 2020 жылы тамыз айында осы баспанаға ие болдым. 14 жыл үй жалдап тұрған маған бұл баспана хан сарайымен бірдей. Барлық инфрақұрылым бар. Су, газ, электр желілері тартылған. Менің ешқандай шағымым жоқ. Қайта осындай жайлы баспана салып, үй жалдаумен қиналып жүрген бізге қолайлы жағдай жасап бергендерге алғысым шексіз. Әсіресе, жайлы баспана үш баламның алаңсыз өсуіне мүмкіндік берді. Енді үй болғасын кем-кетіктер болады. Оны үйді салған құрылыс компаниясы реттеп берді. Ай сайын 8 мың теңге төлеймін», — дейді. Индира Мұқаметқалиеваның айтқандарын №416 үйдің тұрғыны Айдана Әлімбатырова да құптады. Төрт бала өсіріп отырған

төлейтін болып шешілді. Бірақ әр үйдің жыл бойы жиналған ақы көлемі көп болуына байланысты әрбір тұрғын «ҚазТрансГазАймак» АҚ Жетісу өңірлік филиалына арыз жазып, бөліп төлеуіне жағдай жасалды», — делі.

Коттедж қалашық тұрғындарының жиылып қалған газ ақысын төлеуге қатысты мәселе өз шешімін табатын болды. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Ләззат Тұрлашов қалашық тұрғындарымен кездесуінде «ҚазТрансГаз Аймак» Жетісу өңірлік филиалының және қалашықтың пәтер иелері кооперативінің өкілдеріне әрбір тұрғынмен кездесіп, газ ақысын кезек-кезеңге бөліп, жарты жыл көлемінде толық жинап бітіруді тапсырды.

Халқымызда «Көш жүре түзеледі» деген сөз бар. Тұрғындарды баспанаман қамту тұрғысында елімізде мемлекеттік бағдарламалар атқарылып, көмек пен қолдау көрсетілуде. Құрылыс жұмысы барысында кейбір кемшіліктің орын алатыны анық. Бір білгеніміз, үй құрылысына қатысты тұрғындардан түскен шағымның дені қаралған. Ауа райының қолайсыздығына байланысты сыртқы жөндеу жұмысына қатысты мәселелер күн жылында реттелмек.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Гүлшынар АЛПЫСБАЕВА,
Ақмола облысы

Тағзым

Қазақтың көрнекті ақыны,
Есләм Зікібаевтың 85 жылдығына орай

ТULGA

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

*Бабалардың өмірін жалғасын деп,
Келеді арман әзірге алға сүйреп.
Шыбыт берді бойыма талмасын деп,
Қанат берді ойыма самғасын деп,*

Есләм акын өзі жазғандай, табиғат берген дарынның аркасында еліне жақсы-жақсы жыр сыйлады. Өмірінің соңына дейін туған халқына, замандастарына, артындағы ұрпаққа рухани азық болғандай көптеген кітаптар жазды. Есләмнің ақындығы кезінде өз бағасын алып, қазақ поэзиясының дәриясына кәусар бұлақ болып құйылды.

Қазақ баспасөзі талай таланттын бағын ашып, ақындық-жазушылық талантын қозғап, қоздатып үлкен жолға салғанының мысалы көп. Бұл ағдыр Е.Зікібаевтың да басынан өткен. Ол өзі туған өлкедегі «Солтүстік Қазақстанда» қаламын жаттықтырып, қазақ мәдениетінің алтын отауы, асыл ошағы Алматыға барған соң, кеңінен кәсіле алды. Ақындық ортада жүріп, журналистік қызметімен бірге көркем шығармашылығын байыта берді. Республикалық «Қазақстан пионері» газетінде қызмет істеді. Мектеп оқушыларына арналған басылымда түсінікті де әдемі жеңіл тілмен мақала жазуға машықтанды. Бала сезімнің нәзік тамырларын дәл басатындай шеберлікке ұмтылды. Онысына жетті.

Кейін, Алматы облыстық «Жетісу» газетінің редакциясында қызмет атқарған кезінде Есләмнің ойлы корреспонденциялары, көркем очерктері оқырман назарына тез ілікті. Ол уақыт тынысын дәл сезіп, күнделікті баспасөзде бұқара халықтың күтіп отырған мәселелері бойынша, салмақты да, саликалы сөз қозғайтын журналист деңгейіне көтерілді. Ақын Зікібаев көсемсөзші ретінде де еркін көрінді.

Жас шамасы жағынан әріптестерінен көп кіші болса да, ол «Социалистік Қазақстан» сияқты «аға газет» атанған үлкен басылымда жауапты қызмет атқарды. Әр жазғаны оқырман назарынан тыс қалмайтындай шеберлік әрі қажыр танытты. Әлбетте, газет бір күндік деген ұғым бар. Бірақ бұған қарап, журналистердің бәрінің жазғаны бір күндік қана ғұмыры бар деуге болмас. Мәселе сол материалдың, жанры қандай болғанына қарамастан, мақаланың немесе корреспонденцияның, очерк пен фельетонның тақырыбы қалай ашылғаны, ондағы ойдың оқырманға қаншалықты ықпал етпегі маңызды десек керек. Осы орайда кәсіби білімімен қоса, алғырлығы қолдаған көп жылғы журналистік тәжірибе дүкені Есләм Зікібаевты тісқакқан көсемсөз шебері ретінде қалыптастырды. Осында жүріп ол очеркистердің Бүкілодақтық аймақтық семинар-кенесіне қатысты. Мақтау-марапатқа ие болды.

Партиялық баспасөздің әлуеті күшейіп тұрған шақта, республикалық газетте істейтін жүйрік журналистердің де атағы аспандауы заңды еді. Есләм Зікібаевтың есімі мықты тілші, шебер очеркист ретінде «Правда» газетінің бетінде атақты жазушы Әзілхан Нұршайықов, сақа қаламгерлер Бегділда Абдуллин, Пернебек Бейсеновпен қатар аталып шыққан кезде ол отызға да толмаған жігіт еді.


Келесі бір кезеңде әдебиет ісі мен баспа өлкесіне бет бұрған Есләмға журналистік тәжірибесі тағы да көмекке келді. Ол әртүрлі жанрлардағы кітап редакторы ретінде өз ісінің шебері еді. Әдеби сынмен басыбайлы айналысып кетпесе де, проза мен поэзияға бірдей жорға



Зікібаев үшін баспадағы жұмыс онша қиын бола қоймады, жетілген үстіне жетіле берді.

Ақын Зікібаевты осылайша аз-кем таныстырып отырған себебіміз, көсемсөзші Зікібаевтың қаламгерлік тұлғасын ашуға жасаған барлауымыз.

Әлбетте, ол акын ретінде танымал. Қазақтың көрнекті көсемсөз шебері, көп жыл баспасөзде басшы қызмет атқарған Сарбас Ақтаев әрі акын әрі көсемсөзші Е.Зікібаевпен қалай танысқанын, қалай дос болғанын айта келіп, оның шығармашылығы туралы былай дейді: «...Бір қызығы — қырық жылға жуық сыйлас-сырлас, дәмдес-тұдас болып, жұбымыз жазылмай жүрсек те, не тындырып, не қойғанымызды, қай деңгейге көтерілгенімізді бағамдап-бағалай бермейді екенбіз. Әлбетте, қолда бар заттын кәлірі, қасында жүрген жанның қасиеті білінбейтіні секілді, ерте үйреніп кетсе, ұлылықты да ешкім елемейді ғой. Күнделікті жазып жататын жыр, жылдағы шығып жататын кітап — бәрі-бәрі дағдылы дүние іспетті... әуелі «Егемен Қазақстан», «Жетісу», «Ұлан» сияқты ұлылы-кішілі басылымдарда журналистік жұмыс атқарып, өзінің қарымды қаламгер екенін танытып, қыруар тәжірибе жинақтаған Есләм кейінгі ширек ғасырда ат басын бірыңғай жырға бұрып, өндірте еңбек етті».



Өзім көтсем, арттымада сөзім тұлғасын

Осы уақыттың ішінде он шақты өлендер кітабы жарық көрді. Есептеп отырсақ, Есләмнің кітапқа жарияланған өлендері отыз мың жолдан асады екен. Ал кезінде жергілікті және республикалық газеттер мен журналдарда шыққан өлендері бұл есепке кірмейді. Демек осының өзі қаншама көз майын тауысып, жүйке жұқартқан күлкісіз күндер мен ұйқысыз түндердің жемісі екенін түсіну қиын емес. Оған соңғы төрт-бес жылда мерзімді баспасөзде ғана жарияланып, жинаққа сұранып тұрған он-он екі мың жолдай өлендері мен он бес баспа табактай очерк-эсселерін қосса, жанкештілікке пара-пар еңбекқорлықты байқаймыз. Осыларды аудара қарап, актара шолып шыққанда Есләм акын және табиғатынан тума акын деген бір ғана тұжырымға тірелесін. Оның үстіне кейбіреулердей саусағын сорып отырмай, қара сөзде де, өлен сөзде де төгіліп, егіліп кететін акын.

Өмірде мезгілсіз кететінін сезгендей, Есләм Зікібаев өзінің артындағы ұрпаққа жәй ғана ескерткендей етіп:



*Кім оянып, мәңгіге кім жатады,
Тоқтамайды күн шығып, күн батады...
Өзім кетсем, артымда сөзім қалсын,
Ерік бердім жан сырым — жырға тағы, —*

деп ағынан жарылған адал акынның осы бір сөздері оның бүкіл шығармасының шынайылығын аңғартып, адамдық пен азаматтық, елдік сезім мен ерлік сенім, даладай кендік пен анадай мейірімділік шашады. Бабалардың өсиетіндей даналық жүгін арқалаған, баланың ниетіндей тазалығы мөлдір маржандай Ақын деген сөздің бағасы қымбат. Ақын жүрегі — өз дәуірінің дүбірлі оқиғалары бүрк-сарқ кайнап жататын тайқазан. Былайша айтқанда, заман құбылысы мен қоғам құрылысын саралап отыратын сана сүзгісі. Ақынның қыран жанарынан қалт еткен қимыл, жарқ еткен жаналық қағыс қалмақ емес.

Өмірінің соңына қарай үлкен толғаныс үстінде қағазға түсірген «Арманым» деп аталатын толғауында қазақтың тегін, өзінің қасиетті ата бабаларын, халқының аяулы азаматтарын мақтаныш ете отырып, тәуелсіз елдің ұлдарын пенделіктен сақтандырады, бірлікке, татулыққа шақырады. Сол өленнен екі-үш шумақ оқып көрейік. Тақырыбымызға байланысты акын Есләмнің бұрканысты шабыт сәті үстінде көпке

Тағзым

Қазақтың көрнекті ақыны,
Есләм Зікібаевтың 85 жылдығына орай

ТULGA

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ой салар далалық пікірлерді төгіп-төгіп жібергенін байқаймыз.

Мен де «Арғынмын Әсеттей
арындаған,
*Арындап ән сала ма дарымаған»...
Шығатын биіктері көп болар деп,
Тәңірім аздап сыйлаған дарын маған.
... Болмаған біріміз құл, біріміз күң,
Таралған тегі тұтас түбіміздің.
Орта жүз, Кіші жүз бар...бәріміз де
Тетелес інісіміз Ұлы жүздің! —*

деп келеді де, жүзге, руға бөлінбей, тұтас қазақтың әрбір ардақтысын қасиеттей білуге үндеген акын, мысалы, қазақ кім дегенде:

*...Елім деп айқара ашқан ақ жаны бар,
Еңіреген Ер Түрік деп Мағжанның ал.
Қонар тұсын таба алмай төңтіреген
Кей-кейде тайқымаңдай бақ жаңылар.*

*Көңліме толса да, толмаса да,
Біреуді зор, бірдеу қорға сана
демеген арғы-бергі бабаларым.
Әр қазақ түп-тегімен мақтанады,
Бірі артық бірі кем болмаса да...*

Шын акын не айтса да, әділін айтып, алдаспандай орып түсуі шарт. Оған жалған айту, жалтақтық пен

қарлығаштай шырылдаған жанайқайын анық естігендей боласын. Кезінде ядролық қаруды ашықтан-ашық сынаған айдын дала, қазақтың қасиетті Сарыарқасы қазір жан шошырлық.

*Тартылғын өзен,
Сағымдай сарқылған көлдер.
Өртеніп отқа,
Жалынға шартпылған белдер.
Суырған құмды аңызак аңқылдақ желдер,
Әзірейілдей алапат ант ұрған кендер...*

Осыларды көзбен көріп, көңілмен түйсіне отырып, қай азамат түшіркеніп, тыныш ұйықтамақ. «Бірде ашық көңілі, бірде тұман, бір беті мұң өмірі, бір беті ән» деген акын үшін туған жерінің көнтулаққа айналуынан ауыр да аянышты ештеңе жоқ шығар, сірә.

*Ұйқы қашты мезгілсіз неге менен.
Қүлкім ащы, боламын елемеген.
Өн бойымды мың ине шабақтайды,
Шырылдағып қаққандай шегеменен,
Көп іздедім інжуіді, ойға қанбай,
Нұрын төктім талайға толған айдай.
Келгенің не өмірге, кеткенің не —
Ізсіз өтсең, ештеңе болмағандай, —*

деп тебіренгенде, ол өзінің елі үшін де, жері үшін де болашақ алдында жауапты екенін жан жүрегімен сезініп, шыр-пыры шығады. Оның халықты қарқ қыла алмаған нарық заманындағы елдің жай-күйі туралы толғаулары өз алдына бір төбе. Ашы да болса шындықты ашып айтып, қалың бұқара тірелген тығырықтан жұртты қалай аман алып шығу жөнінде жүз ойланып, мың толғанған азамат тағдыры оңай да емес. Дүние атаулының бәрі қымбаттап, оны тірнектеп жинап, тер төгіп жасаған Адам арзан тартып, аяқ асты болған кезеңде ашығын айтсаң, ағайынға жақпайсың, ақиқатын айтсаң, әкімдерге жақпайсың. Қу тіршілік үшін тырбанып басыңды тауға да, тасқа да ұрып жүргенін. Баяғы «бағлан сойып, сары қымызды сапырып, шалқытып өнді ақ танды көзбен атырып» жүрген күндер көзден бұлбұл ұшып, арманға айналды.

*Арман ғой шіркін,
Арман ғой бәрі, арман ғой.
Өреміз төмен.
Көрсетіп жүрмін жалған бой.
Жақсылық күтіп
Емексуменен ертеңге,
Жол қарағандай көзіміз ұзақ талған ғой, —*



жағымпаздық атаулы жат. Философтардың қияннан қайырып, көп толғап қисындырар сырын, ой қорытындысын акын оп-онай құя салады.

*Сөзің бітсе,
Айтатын ойың бітсе,
Жол қысқарып,
баратын тойың бітсе...
Ақынның да өлгені ел көзінде,
Бұқпантайлап дауылда бойын күтсе.*

Ақындық өнердің өлшемі осы болса керек. Ой орамына пікір-пайымына қарай бағалар болсақ, Есләм де ештеңеден тайынбайтын дәл осындай алғыр да арынды, айтқыр да қарымды акын. Жыр бәйгесі атты ұлы дүбірде тізгінін сүзе тартып, қалың топтың кеуде тұсында келе жатқан жүйріктей оның қара үзіп шығып, көзге ерек түспей жүргені бізде тұлпар таланттардың көптігі ғана емес, барымызды бағалап, жұртқа таныта алмай жүрген әдеби сынымыздың әлсіздігінен. Ақын және жақсы акын көп те, сыншы жоқ. Бірлі-екілі сын сарбазы шыға қалса, «түйенің танығары — жапырақ» дегендей, танымал тарландардың төнірегінен айналшықтап шықпай қояды. Сондықтан Есләм сияқты сан акын әділ бағасын ала алмай, өлендегі лайықты орнын таба алмай жүр.

Есләмнің шынайы шабытынан туған жырларын оқығанда құлағына Есілдің бойындағы ен тоғайдын сыбдыры, қырдан асып, буырқана тасып жатқан ерке өзеннің гүрілі келгендей. Танауыңды дала гүлі мен таба нанның иісі қытықтағандай, көз алдында манар таулардың маңғаз шыңдары манаурап, бұрала билеген бикештей ақбалтыр қайындар тұрғандай болады. Ал оның «Боранын» оқысам-ақ, Арқаның ақтүтек алақұйын боранының талайын көрген өз басым, арқамнан құмырсқа жорғалап өткендей, денем түршігіп, жылы үйде отырып жаурағандай сезінемін. Ақындықтың құдірет күші де осы болса керек. Әлбетте, Арқаның сәні — ақ бораны мен ақ жауыны, сайын белдері мен саумал көлдері ғой. Қазір сол көлдер тартылып, сол белдер тақырланып, тіпті қазақтың қос жанары сынды Арал мен Балқаш сарқылып бара жатқанда, акын жаны шыркырап, шағаладай шаңқылдап, шарқ ұрмай қайтпек. Туған табиғаттын тірідей тоналып, кіндік кесіп, кір жуған жерінен жұрт амалсыздан ауа көшіп жатқанда, азаматтық үн көтермей қай акын отыра алмақ. Есләмнің «Ата жұрттан айрылу қандай қиын...» деген өленінде тұралап жатқан туған жердің табиғатын сақтап қалуға шақырып, қанатымен су сепкен

дейді ол бертіңгі бір өленінде. Күтуден көз талса да, үміттің үзілмегені, арманның бітпегені жақсы. Армансыз пенде — алғаусыз көже сияқты, көңілі лайланып, бәріне енжар қарап, қарекет-қимылдан қалады. Өз өмірінде не атқарып, не көргенін түгел айтып беретін өленіне сенетін Есләмнің:

*Уа, аққу арманым,
Төрт құбылам түгел,
Ойы-қырымды бүтін қып,
Сезімге бір сәт ұялатып алсам күпірлік.
Тағдырым-дағы таусылып қалар секілді,
Сондықтан сенің таптырмағаныңа да*

шүкірлік, —

дейтіні де шын.

Тек сол аққу арманы алысқа самғап, жеткізбей қызықтырып, соңынан құғыза берсе, дарыны кемелденіп, қарымы күшейген акынның әлі де талай жырды туғызары күмәнсіз еді. Ама! не, он жылдай алысып, бой бермей келе жатқан ауыр науқасы жетпісіне жеткізбей арамыздан алды да кетті. «Сынығымын алмастай асылдардың, тұлғасымын тұңғыық қасырлардың» деп өзі айтқандай, акынның ақыны Мағжанның ғасырдың шежірелері, Сәбит пен Ғабиттың туған топырағынан түлеген қарымы күшті, қалтамы ұшқыр, жалыны мол дос туралы сөзді оның

*Таусылып татар дәмім көреріммен,
Ерте ме, кеш пе — әйтеуір, өлемін мен.
Сол күндер кім болғаным айтылабы
Шежіре — өмір сыры өлңіммен, —*

деген жыр жолдарымен түйгенді жөн көрдік. Өмір жолын өлен жолымен өрнектеген акынның өзі өлгенімен сөзі өлмек емес.

Есләм Зікібаевтың алғашқы өлен жинағы 1975 жылы «Ақ қайындар» деген атпен жарық көрді. Кейін Есләм қаламынан шыққан шығармалар шеруі «Ақ қайнарға», «Ақ айдынға» және «Аққу арманға» ұласты. Ақыры, өзі қайтыс болғаннан кейін, «Жыр — тағдырым» деген атпен бұрын жарияланбаған бірталай өлендері мен очерктері, естеліктері жарық көрді.

Заркын ТАЙШЫБАЙ,
*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан
мемлекеттік университетінің профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты*

(Жалғасы бар)



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

AINA



Еліміз жат діни ағымдарды түбегейлі ауыздықтау мақсатында нақты қадам жасауда. Республика көлемінде арнайы жоспар бекітіліп, экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстары жүргізілді. Осы мақсатта Алматыдағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Дін саласындағы жаңа сын-қатерлер және экстремистік идеология жақтастарын радикалды райынан қайтарудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру» атты ғылыми конференция өтті.

Деректерге назар аударсақ, соңғы он шақты жылда Қазақстанда 16 экстремистік зорлық-зомбылық актісі тіркеліп, 500-ден астам адам Сирия мен Ирактағы лаңкестік әрекеттерге қатысқан екен. Мыннан астам адам осындай теріс пиғылдағы әрекеттері үшін түрмеге жабылған. Мамандардың айтуынша, «экстремизм» және «терроризм» үшін сотталғандардың саны анағұрлым жоғары. Басым көпшілігі — лаңкестік және экстремистік сипаты бар діни материалдарды



ЖАТ АҒЫМНАН ҚАЙТАРУ – БАСТЫ МІНДЕТ

жиналған мамандар түрлі пікір айтты. ҚР ҰҚК Академиясы жанындағы терроризмге қарсы орталықтың қызметкері Болат Шомановтың айтуынша, қазіргі күні олар жат діни ағымдағы азаматтармен теологтарды және психологтарды тарту арқылы екі бағытта жұмыстар жүргізіп келеді. «Азаматтарды райынан қайтаруға болады, ең алдымен олармен әңгімелесу керек. Бұл жерде арнайы бір

әдістеме қолдана алмайсың. Себебі жат діни ағымдардың жетегіне әркім әр түрлі жағдаймен кетіп қалады. Оның ішінде, әлеуметтік-тұрмыстық қиыншылық көріп жүрген азаматтар да бар. Мұның барлығы адамдардың діни білімінің аздығынан туындап отырған мәселелер», — дейді ол. Оның сөзіне қарағанда, қоғамда экстремизмнің алдын алу шараларын күшейту керек. Мәселен, 2014 — 2018 жылдарға арналған қоғамды радикализмнен тазарту бағдарламасын жүзеге асыру кезінде мемлекет қауіп төндіретін адамдармен ғана жұмыс жүргізіп, қоғамдағы басым топқа көңіл бөлмеді. Мұның салдары жана радикалданған адамдардың көбеюіне алып кеп соқты. «Қазіргі күні біз алдын алу шараларына басым көңіл бөліп жатырмыз. Жалпы мұндай сын-қатерлердің алдын алу үшін ұлттық тәрбиені күшейтуіміз керек. Бабаларымыздан қалған



жариялап, таратқаны үшін сотты болғандар.

Мамандардың сөзіне қарағанда, қазір жағдай біршама тұрақталды деуге болады. Осыған дейін еліміздің Ұлттық қауіпсіздік комитеті Сирия мен Ирактан елімізге 500-ден астам отандасымызды қайтарды. Олардың 200-ден астамы темір торға қамалса, қалған бөлігімен арнайы жұмыстар жүргізіліп, бақылауға алынды.

Кешенді жұмыстардың нәтижесінде ҚР ҰҚК-ті 40 шақты лаңкестік әрекеттің алдын алды. Шетелде теріс діни білім алып жүрген 380 бала елімізге оралды.

Дегенмен экстремистік идеология түп-тамырымен жойылды деуге ерте. Жат діни ағымдардың жетегінде кетіп жатқан азаматтар әлі де бар. Ал осы экстремистік идеология жақтастарын райынан қайтарудың әдіс-тәсілдері қандай? Бұл мәселе туралы конференцияға

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

Жомартбек СІМТІКОВ,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор:

«Әрине, өткен күндерге қарағанда, қазір Қазақстанда экстремистік қауіп біршама азайды. Алайда қол қусырып қарап отыруға тағы болмайды. Соңғы екі жылда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің тарих және құқықтану институты дінтану мамандарын даярлауға ерекше көңіл бөліп келеді. Жүздеген жастар бұл мамандыққа оқуға келіп жатыр. Студенттеріміздің діни сауатын кеңейту үшін біз өртүрлі діни бірлестіктермен, теолог мамандармен, Нұр-Мұбарек Египет ислам мәдениеті институтымен бірлесіп, жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Бүгінгі шарамыз да осы мақсатта жүргізіліп отыр».

Нұрмұхаммед МАМЫРБЕКОВ,
саясаттану мамандығының
PhD докторанты

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жақында Алматыдағы К.Ахметов атындағы Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат колледжінде есімі елге белгілі спорт журналисі, С.Бердіқұлов атындағы сыйлықтың лауреаты және Яхонтов атындағы бүкілодақтық «Сөз өнері» байқауының жүлдегері Ақын Ордабайұлының «Ізгілікпен өрілген өмір» атты кітабының тұсаукесері мен шағын футболдан БАҚ өкілдері мен ардагер спортшылар арасында турнир болып өтті.

«Ізгілікпен өрілген өмір»



Ақын Ордабайұлының кітабында оның 30 жылдан бері спорт журналистикасы саласындағы жұмысы сарапталып, қазақ спортының дамуына өз үлесін қосқан көптеген спорт саңлақтары туралы қызықты баяндалған екен. Сонымен бірге кітапта тек спорт саласы емес, Ақанның өткір мақала, очерктері, проза және поэзиясына да орын беріліпті.

Кітаптың тұсаукесерін қазақтың атакты желаяғы, жеңілдетілісқан КСРО-ның 8 дүркін чемпионы, КСРО Қарулы Күштерінің 14 дүркін чемпионы, Еуропа кубогының иегері, КСРО халықтары спартакиадасының жеңімпазы Әмин Тұяков ағамыз кесіп, өзінің ақ тілегін жеткізді.

Тұсаукесерге келген құрметті меймандар арасында «Өнер» баспасының директоры, жазушы Әшірбек Көпішев, К.Ахметов атындағы мектеп-интернат колледжі директорының орынбасары Данара Байдосова, «Қазақстан қыран» федерациясының президенті Бағдат Мүптекқызы, Ақанның ұстазы, белгілі комментатор Рабат Жәнібеков, «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамының төрағасы Болат Құрымбаев, «ҚазТрансГаз» ЖШС директорының орынбасары Мұқан Сәдуақасов және Ақанның туған жері - Қордай ауданынан келген аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Дидар Молдағалиев пен «Ер намысы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ерболат Алияндыұлы мен басқалары қатысып, құттықтауларын жеткізді. Ерболат ағамыз Ақанға «Ұлы дала батыры» орденін табыс етсе, «Желтоқсан ақиқаты» бірлестігінің төрағасы Болат Құрымбаев Ақанның Желтоқсан көтерілісіне белсене қатысушы екенін ескере отырып, «Желтоқсанның 30 жылдығы» естелік медалімен марапаттады. Қордай ауданы әкімшілігі мен Алматы қалалық құтқару қызметінің атынан Алғыс хат берілді.

Мұсағали ТАСКАЛИЕВ,
ҚР дене шынықтыру саласының үздігі,
Қазақ спорт және туризм
академиясының құрметті профессоры,
Ақтөбе қаласы



Табиғатты сөйлеткен



тақырыбына арналған сурет жарысында бас жүлдені жеңіп алды. Жас та болса, Әминаның кылқалам өнерінде өзіндік қолтанбасы қалыптасып үлгерді.

Әмина Жанғазы – Қазақ сәулет-құрылыс колледжі дизайн бөлімінің 3-курс студенті. Бала кезден сурет салуға құмар.

2016 жылы Түркияның Анталия қаласында мектеп оқушыларының экология

БАСПАСӨЗ – 2021



Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Жазылу мерзімі	Эврика пресс	Евразия пресс
1 айға	269	288
3 айға	807	864
6 айға	1614	1728
12 айға	3228	3456

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-saim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2250;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Ait-Astana» әуежайының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 күзлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.